

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 қарашадағы N 1142 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*Жоба*

**Қазақстан Республикасының Заңы**

**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

**1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:**

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған N 268 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., N 2-3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжаттар; N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 20, 727, 731-құжат; N 23, 916-құжат; 2000 ж., N 18, 336-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 11, 56, 57, 66-құжаттар; N 15, 139-құжат; N 19-20, 146-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 56-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 10, 31-құжат; N 14, 58-құжат; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 4-құжат; N 3, 22-құжат; N 4, 24-құжат; N 8, 45-46-құжаттар; N 10, 52-құжат; N 11, 55-құжат; N 13, 85-құжат;):

1) 118-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"118-бап. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді  
м е м л е к е т т і к т і р к е у

1. Жылжымайтын мүлікке меншік құқығы мен басқа да құқықтар, осы құқықтардың ауыртпалығы, олардың туындауы, өзгеруі және тоқтатылуы мемлекеттік тіркелуге тиіс.

2. Егер осы Кодексте немесе өзге де заңнамалық актілерде өзгеше көзделмесе, меншік құқығы, шаруашылық жүргізу құқығы, оралымды басқару құқығы, кемінде бір жыл мерзімге жер пайдалану құқығы, кемінде бір жыл мерзімге пайдалану құқығы, кепіл, сенімгерлікпен басқару құқығы және Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мемлекеттік тіркеудің өзге де объектілері мемлекеттік тіркелген сәттен бастап т у ы н д а й д ы .

3. Жылжымайтын мүлікке құқықтың туындауына (өзгеруіне немесе тоқтатылуына) немесе құқық ауыртпалығына негіз болып табылатын жылжымайтын мүлікпен жасалатын мәміле дербес мемлекеттік тіркеу объектісі болып танылмайды және тиісті құқықты (құқық ауыртпалығын) тіркеумен бір мезгілде тіркеледі.

Жылжымайтын мүлікке құқықтың туындауына (өзгеруіне немесе тоқтатылуына) немесе құқық ауыртпалығына негіз болып табылмайтын жылжымайтын мүлікпен жасалатын мәміле дербес мемлекеттік тіркеу объектісі болып танылады.

4. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілені мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырушы орган құқық иеленушінің қолдау хаты бойынша тіркеу үшін табыс етілген құжатқа жазба жасау арқылы тіркеуден өткендігін к у ә л а н д ы р у ғ а м і н д е т т і .

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда мемлекеттік тіркеу меншік құқығы (өзге заттай құқық) туралы куәлікпен куәландырылады. Егер тіркеуден бас тартылмаса, өтініш берген сәт мемлекеттік тіркеу с ә т і д е п т а н ы л а д ы .

5. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу жария түрде өтеді. Тіркеуді жүзеге асырушы орган жасалған тіркеу мен тіркелген құқықтар туралы ақпаратты жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы заңнамада белгіленген тәртіппен кез-келген адамға беруге міндетті.

6. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды немесе онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеуден бас тартқан не тіркеуден негізсіз жалтарған жағдайда сотқа ш а ғ ы м ж а с а л у ы м ү м к і н .

7. Мемлекеттік тіркеу тәртібі және тіркеуден бас тарту негіздері осы Кодекске, жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді тіркеу

туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес белгіленеді."

2 ) 1 5 5 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Егер заңнамалық актілерде өзгеше көзделмесе, заңнамалық актілерге сәйкес мемлекеттік немесе өзге де тіркелуге тиіс мәмілелер тіркелген сәттен бастан жасалған б о л ы п е с е п т е л е д і .

Тіркеуден бас тарту жазбаша түрде ресімделуге тиіс және заңнама талаптарының бұзылуына сілтеме жасауға болады.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Егер тараптардың бірі мәміле бойынша құқықтарды мемлекеттік тіркеуден жалтарса, сот екінші тараптың талабы бойынша мәміле бойынша құқықтарды тіркеу туралы шешім шығаруға құқылы. Мұндай жағдайда құқық сот шешіміне сәйкес т і р к е л е д і . "

2. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19-құжат; N 9, 26-құжат; N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат; N 17-18, 72-құжат; N 21-22, 31-құжат; N 8, 45-құжат; N 10, 52-құжат; N 11, 55-құжат; N 12, 72, 77-құжаттар; N 13, 85-86-құжаттар; N 15, 32, 95-құжаттар);

1) мынадай мазмұндағы 388-1-баппен толықтырылсын:

"388-1-бап. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру мерзімін бұзу

Жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру тәртібін алты айдан астам уақытқа бұзуы -

Жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғалар үшін - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

2) 541-баптың 1-тармағы "388" деген саннан кейін "388-1," деген санмен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

3) 636-баптың 1-тармағының 1) тармақшасындағы жиырма тоғызыншы абзац "376" деген саннан кейін ", 388-1" деген санмен толықтырылсын.

3. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы N 442 Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 13, 99-құжат; 2005 ж., N 9, 26-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат; N 11, 55-құжат; N 12, 79-құжат; N 12,

83 - құжат ; N 16 , 97 - құжат ; ) :

1) барлық мәтіндер бойынша "құқықты куәландыратын құжаттар" тиісінше "сәйкестендіру құжаттары" деген сөздерге ауыстырылсын;

2) 12-баптың 33 және 34-тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"33) жер учаскесіне құқық белгілейтін құжат - осылардың негізінде жер учаскесіне құқықтар туындайтын, өзгертілетін немесе тоқтатылатын заңдық фактілердің (заң құрамдарының) орын алғанын растайтын құжат, соның ішінде шарттар, соттардың шешімдері, атқарушы органдардың актілері, мұрагерлікке құқық туралы куәлік, меншік құқығындағы жер учаскесіне ие немесе уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын сатып алған мемлекеттік емес заңды тұлғаларды қайта ұйымдастыру кезінде табыстау актісі немесе б ө л у б а л а н с ы .

34) жер учаскесіне сәйкестендіру құжаты - жер, құқықтық және қала құрылысы кадастрларын жүргізу мақсатында қажетті жер учаскесінің сәйкестендіру сипаттамасын қ а м т и т ы н құ ж а т " ;

3 ) 43 - б а п т а :

9 - т а р м а қ т а :

Бірінші бөліктің бірінші абзацында "құқықты куәландыратын құжаттар" деген сөздер "сәйкестендіру құжаттары" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Жер учаскесіне құқықтар ауысқан кезде сәйкестендіру құжаты сатып алушыға немесе өзге құқық иеленушіге беріледі. Жер учаскесінің сәйкестендіру сипаттамаларының өзгерістері болмаған жағдайда, мемлекеттік жер кадастрын жүргізуді жүзеге асыратын орган жаңа сәйкестендіру құжатын бермейді, құқық иеленуші туралы жазба енгізеді."

11 - т а р м а қ т а :

Бірінші бөлікте бірінші сөйлемде "жер учаскесіне құқықты куәландыратын құжаттар" деген сөздер "құқық белгілейтін құжаттар" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте "Құқықты куәландыратын" деген сөздер "Құқық белгілейтін" деген сөздермен ауыстырылсын.

4 ) 51 - б а п т а :

2-тармақта "жер учаскесіне құқықты куәландыратын құжатта" деген сөздер "сәйкестендіру құжатында" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жер учаскесінің бөлінетін бөлігімен мәмілелер жасаған кезде, бұл бөлік белгіленген тәртіппен алдын ала дербес жер учаскесі болып бөлініп шығарылуға тиіс. Қалған жағдайларда мәміле мәні оны шартта сипаттау немесе жер учаскесінің бөлігіне белгіленетін құқықтың қолданылу аясын (жалдау, өтеусіз пайдалану, сервитут және т.б.) сәйкестендіру құжатына енгізу арқылы айқындалуы мүмкін."

5) 52-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Үйге (ғимаратқа) меншік құқығы заңнамада белгіленген тәртіппен осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, аталған үйлер (ғимараттар) орналасқан жер учаскесіне меншік құқығын білдіреді. Үйге (ғимаратқа) мемлекеттік заңды тұлғалардың шаруашылық жүргізу құқығы немесе оралымды басқару құқығы белгіленген тәртіппен көрсетілген объектілер орналасқан жер учаскесіне тұрақты жер пайдалану құқығын білдіреді.

Көрсетілген құқықтар бір-бірінен ажыратылмайды.";

6) 79-баптың бірінші бөлігінде:

5 - тармақта:

екінші абзацтағы "оның жер учаскесіне құқығын куәландыратын құжаттарды (жер учаскесіне жеке меншік құқығы актісін; уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы актісін; тұрақты жер пайдалану құқығы актісін (мемлекеттік жер пайдаланушылар үшін);" деген сөздер "жер учаскесіне құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттары" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзац алып тасталсын;

жетінші абзац алып тасталсын;

7-тармақтың екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Бөлінетін жер учаскесінің бөлігін кепілге салу кезінде шартқа облыстың ( республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер учаскесінің орналасқан жері бойынша уәкілетті органы мақұлдаған жер учаскесін бөлу жоспары қоса берілуге тиіс".

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Егер кепіл туралы шартта өзгеше белгіленбесе, жер учаскесіне құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаты кепіл ұстаушыға немесе сенімді тұлғаға беріледі." ;

11-тармақшада "кепіл туралы шарттың және ипотекалық куәліктің" деген сөздер "кепілдің" деген сөзбен ауыстырылсын.

7) 80-бапта "жылжымайтын мүлікпен жасалатын мәмілелерді тіркеу үшін белгіленген тәртіппен" деген сөздер "құқықтық кадастрда" деген сөздермен ауыстырылсын ;

8) 170-баптың 9-тармағының бірінші бөлігінде "құқықты куәландыратын құжаттар" деген сөздер "құқықты белгілейтін және құқықты куәландыратын құжаттар" деген сөздермен ауыстырылсын .

4. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 желтоқсандағы Заңына ( Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 148-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 23, 321-құжат, 24, 338-құжат; 2002 ж., N 15, 147-құжат, 2003 ж., N 10, 54-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 7 - 8, 23 - құжат; ) :

26-бап мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Кемеге немесе жасалып жатқан кемеге тіркелген құқықтар (құқық ауыртпалықтары) туралы мәліметтер жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтардың және онымен жасалатын мәмілелердің бірыңғай мемлекеттік тізіліміне (құқықтық кадастр) енгізілуі тиіс."

5. "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 9-10, 66-құжат; N 24, 164-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 183-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 22, 789-құжат; N 23, 916-құжат; 2001 ж., N 10, 126-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 11, 71-құжат; 2004 ж., N 11-12, 65-құжат; 2006 ж., N 12, 71-құжат; N 15, 95-құжат;):

1) 18-баптың 12) тармақшасында "мемлекеттік құқықтық және" деген сөздер алып тасталсын;

2) 32-бап мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық есепке алу қызметін жүзеге асыру;"

6. "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2723 Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 165-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; 2000 ж., N 18, 336-құжат; 2003 ж., N 11, 67-құжат; 2005 ж., N 23, 104-құжат;):

1) мынадай мазмұндағы 9-1-баппен толықтырылсын:

"9-1-бап. Ипотека шартының талаптарын өзгерту

Негізгі міндеттеменің және/немесе ипотека шартының талаптарын өзгерту кепіл беруші мен кепіл ұстаушының (негізгі міндеттеме туралы шартқа және ипотека шартына қол қойған өзге де адамдардың) негізгі міндеттеме туралы шартқа және ипотека шартына қосымша келісім жасауы арқылы ресімделеді.

Ипотека куәлігі болған кезде оның мазмұнын өзгертуді болжайтын негізгі міндеттеменің және/немесе ипотека шартының талаптарын өзгерту осы Заңның 13-1-бабында көзделген тәртіппен ипотека куәлігіне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу үшін негіз болып табылады."

2) 12-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ипотека куәлігі бір данада жасалады және кепіл ұстаушыға беріледі. Ипотека куәлігі оның ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша парақтар түрінде ресімделетін қосымшамен толықтырылуы мүмкін.";

3) 13-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы тармақшамен толықтырылсын:

"13) ипотекалық куәлікке қосымша.";

4) мынадай мазмұндағы 13-1-баппен толықтырылсын:

"13-1-бап. Ипотека куәлігіне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу

1. Ипотека куәлігіне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу негізгі міндеттемеге, ипотекалық қарыз шартына және/немесе ипотека шартына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізгеннен кейін ипотека куәлігіне қосымша парақтарды қоса беру арқылы жүзеге асырылады.

Ипотека куәлігіне қосымшаларда негізгі міндеттемеге, ипотекалық қарыз шартына және/немесе ипотека шартына қосымша келісім нөмірі мен жасалған күні, сондай-ақ ипотека шартына енгізілетін өзгерістер және/немесе толықтырулардың мәнісі көрсетіледі.

2. Ипотека куәлігінің иесі кепіл берушіден ипотека куәлігіне өзгерістер енгізуді және оларды мемлекеттік тіркеуді талап етуге құқылы.

3. Кепіл беруші және/немесе борышқор ауысқан жағдайда, егер борышқор негізгі міндеттеме бойынша кепіл ұстаушы болып табылмаса, ипотека шартына қосымшада жаңа кепіл ұстаушының және/немесе борышқордың аты-жөні (атауы) және тұрғылықты жері (орналасқан жері), сондай-ақ жаңа кепіл ұстаушының қолы көрсетілуге тиіс.

Кепіл ұстаушыны ауыстыру осы Заңда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.";

5) 14-баптың 2-тармағында "жылына бір реттен кем қоюға болмайтын" деген сөздер "кепіл ұстаушы (ипотека куәлігінің заңды иесі) кепіл берушінің жазбаша өтініші бойынша жүргізетін" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 15-бап "Ипотека куәлігін беру" деген сөздерден кейін ", ипотека куәлігіне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 16-баптың 1-тармағында екінші бөлігі "аты-жөні" деген сөздерден кейін "(атауы)" деген сөзбен толықтырылсын;

8) 37-баптың 1-тармағының екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жылжымайтын мүлік ипотекаларын негізгі міндеттерді орындаумен, ипотека мәніне айыпақы өндіріп алумен және өзге де негіздермен байланысты тоқтатуды мемлекеттік тіркеу жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады."

7. "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі N 94 Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 8, 84-құжат; 1999 ж., N 13, 431-құжат; N 23, 921-құжат; 2001 ж., N 15-16, 228-құжат; 2002 ж., N 6, 71-құжат; 2003 ж., N 11, 67-құжат; 2004 ж., N 14, 82-құжат; N 17, 101 құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 16, 103-құжат;):

1 ) 2 - б а п т а :

он бірінші абзацта "тұрғын алаң" деген сөздер "тұрғын үйдің тұрғын алаңы" деген сөздермен ауыстырылсын;

он үшінші абзацта "(пәтердің)" деген сөз алып тасталсын;  
мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"тұрғын үйдің жалпы алаңы - тұрғын үйдің пайдалы алаңының және балкондардың

(лоджия, дәліз, терраса), нормативтік-техникалық актілерге сәйкес төмендеткіш коэффициенттерді қолданумен есептелетін алаңдарының қосындысы";

2) 31-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Үй-жайдың әрбір меншік иесінің (өзге құқық иеленушінің) ортақ мүліктегі үлесі оған тиесілі үй-жайға өзіндік (бөлек) меншіктен (өзге заттай құқықтан) бөлінбейді. Үлестің мөлшері, егер кондоминиум қатысушыларының келісінде өзгеше белгіленбесе, өзіндік (бөлек) меншіктегі (өзге заттай құқықтағы) тұрғын үй-жайлардың немесе тұрғын емес үй-жайлардың пайдалы алаңының кондоминиумның осы объектісіндегі бүкіл тұрғын үй-жайлардың және бүкіл тұрғын емес үй-жайлардың пайдалы алаңының сомасына қатынасымен анықталады. Мұндай үлесті заттай бөліп беруге болмайды." ;

3) 32-баптың 2, 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Кондоминиум объектісін тіркеу кондоминиум қатысушысының немесе меншіктенушілердің немесе кондоминиум басқармасы органының уәкілетті өкілінің өтініші бойынша жүзеге асырылады. Кондоминиум объектісін тіркеу кезінде ортақ мүлік құрамы мен әрбір үй-жайдың құқық иелерінің ортақ мүліктегі (өзге ортақ құқықтағы) үлесінің мөлшері анықталады. Осылай тіркелгенге дейін ортақ меншіктегі (өзге ортақ құқықтағы) үлеспен мәміле өзіндік (бөлек) меншіктегі (өзге заттай құқықтағы) мүлікпен мәмілелерді жасау кезінде жасалған деп саналатын жағдайларды қоспағанда, ортақ мүлікпен жасалатын мәмілелер заңдық күшке ие болмайды.";

"4. Кондоминиум қатысушыларының ортақ мүліктерінің құрамын және (немесе) олардың ортақ мүліктегі үлестерінің мөлшерін үй-жайлардың алаңын өзгерту нәтижесінде өзгерткен кезде қатысушылардың келісімі немесе өзге де негіздер бойынша тиісті өзгерістер мемлекеттік тіркелуге тиіс.".

8. "Шаруа (фермер) қожалығы туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 31 наурыздағы N 214 Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 2-3, 26-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 26-құжат; N 24, 178-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 15, 95-құжат;):

8-баптың 8 және 9-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Жер учаскесіне құқық белгілейтін құжат онда Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес барлық жеке меншік иелерін (жер пайдаланушыларды) көрсете отырып, шаруа немесе фермер қожалығы мүшелеріне ресімделеді.

9. Шаруа (фермер) қожалығының жер учаскесіне құқығы жылжымайтын мүлікке құқықтарын мемлекеттік тіркеген сәтінен бастап туындайды.".

9. "Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 18 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 6, 67-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; N 24, 154-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 10, 52-құжат; N 13, 86-құжат;):

18-баптың 5) тармақшасында "кепілін тіркеу" деген сөздерден кейін ",



жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық тексеру" деген сөздермен толықтырылсын.

10. "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 15, 87-құжат; 2005 ж., N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат;):

1) 18-баптың 1-тармағының 3) тармақшасында:

"кәсіпорындар" деген сөз "органдар" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 23-баптың 3-тармағында:

"кәсіпорындар" деген сөз "органдар" деген сөзбен;

"Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі уәкілетті органмен келісе отырып" деген сөздер алып тасталсын;

3) 24-баптың 5-тармағында "кәсіпорындар" деген сөз "органдар" деген сөзбен ауыстырылсын.

11. "Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 23, 320-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; 2001 жылғы 29 желтоқсандағы N 300-301, 2005 жылғы 23 сәуірдегі N 97-98 "Казахстанская правда"):

13-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Әуе кемесіне тіркелген құқықтар (құқық ауыртпалықтары) және онымен жасалатын мәмілелер туралы мәліметтер жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтардың және онымен жасалатын мәмілелердің бірыңғай мемлекеттік тізіліміне (құқықтық кадастр) енгізілуі тиіс."

12. "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 2, 16-құжат, 2004 ж., N 20, 116-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат, 2005 ж., N 11, 36-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат):

16-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Кемеге немесе жасалып жатқан кемеге тіркелген құқықтар (құқық ауыртпалықтары) туралы мәліметтер жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтардың және онымен жасалатын мәмілелердің бірыңғай мемлекеттік тізіліміне (құқықтық кадастр) енгізілуі тиіс."

13. "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 15, 88-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат):

25-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Кемеге немесе жасалып жатқан кемеге тіркелген құқықтар (құқық ауыртпалықтары) туралы мәліметтер жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтардың

және онымен жасалатын мәмілелердің бірыңғай мемлекеттік тізіліміне (құқықтық кадастр) енгізілуі тиіс."

**2-бап.** Осы Заң оның ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ